



«Сактансан, сактармынды» билмейтіндер жок шыгар. Казалыда аудан әкімі М.Ергешбаевтын торагалыгымен откен аудандык тотенше жагдайлардын алдын алу және оларды жою жоніндегі комиссия отырысы осы даналык созді еске тусірді. Кыс-коктем мезгілдерінде аудан аумагында болуы ыктымал су таскынынын алдын алуға дайындык шаралары соз болган комиссия отырысында аудан әкімі сонгы жылдары коктемгі су таскыны салдарынан Сырдария бойындагы корганыс бөгеттері бвзылып, елді мекендер мен әлеуметтік-мәдени нысандарга қауіп тондіргенін атап отті.

Мунан сон жумылдыру дайындыгы және аумақтык корганыс болімінін басшысы Г.Сматуллаев озінін хабарламасында биылгы жылы облыс әкімінін колдауымен облыстык бюджеттен 23 нысанга калпына келтіру жумыстары жүргізілгеніне токталды. Сондай-ак, аудан аумагында 4 нысанды жедел түрде *(Масакбай корганыс бөгеті, Аксуат су тарату бекетінін жанындагы бөгеті, Байкожа су тарату бекетінін корганыс бөгеті, Абай елді мекенінін корганыс бөгеті)* калпына келтіру кажеттігі жонінде усыныстар айтылды. Су шаруашылығынын ардагері К.Коланов пен Майлыбас ауылдык округі әкімі К.Жвбаткан тотенше жагдайлардын алдын алу жонінде оз ойларын ортага салды.

Комиссия отырысын қорытындылаған аудан әкімі Мұрат Ергешбаев авариялық материалдар қорын жасақтау, көшірілетін тұрғындар мен мал басынын санын нақтылауды және алдағы уақытта аудан аумағындағы меншік нысанына қарамастан мекемелерді қатыстыра отырып оқу-жаттығу откізуге тапсырма берді.

Жұмабек □ Табынбаев,

Казалы □ ауданы